



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет :12 беттің 1-беті



БЕКІТЕМІН

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет ректоры

[Signature] Р.С.Т. Абдуалиева

9 қаңтар, 2019 ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
СЖҚ. 08. ҚЕ.44.

Редакция № 01

Дана № ___

Өзгертулер				
№	Енгізу мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаған	
			Аты-жөні	Қолы

Орал, 2019





МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 беттің 2-беті

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Магистранттың ғылыми-зерттеу/ эксперименттік-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ/МЭЗЖ) жалпы талаптар
3. Магистрлік диссертацияның /жобаның мазмұны
4. Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу ережелері
5. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну
6. Магистранттардың қорытынды аттестациясы
7. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау тәртібі

Дайындалды: «__»_____2019 ж. Мукаева А.М. 	Келісілді: Ерназаров Ж.Т. 	Бірінші рет енгізілді: «__»_____2019 ж. Қайта қарау: «__»_____2022 ж.
---	--	--



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.КЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет :12 беттің 3-беті

1 Жалпы ережелер

1. Осы ереже Жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес дайындалған (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) және магистранттардың қорытынды аттестация өту тәртібін, магистрлік диссертацияны/жобаны жазып, қорғау тәртібін анықтайды.

2. Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

Дескрипторлар (descriptors) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сағасының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы.

2 Магистранттың ғылыми-зерттеу/ эксперименттік-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ/МЭЗЖ) жалпы талаптар

1. Магистранттың жеке жұмыс жоспарына(ЖЖЖ), жеке оқу жоспарымен(ЖОЖ), тәжірибиемен қатар кіреді:

1) ғылыми –зерттеу (экспериментальды-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру түрі және мерзімі);

2) негізделген және мазмұнды магистрлік диссертация (магистрлік жоба) тақырыбы;

3) магистрлік диссертация (магистрлік жоба) орындау жоспары;

4) ғылыми басылым, тағылымдама жоспары.

ЖЖЖ оқудың толық кезеңіне ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жасалады.

2. Ғылыми-педагогикалық магистратурада ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратурадағы эксперименталды-зерттеу жұмысы магистратураның білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысына кіреді:

– магистрлік диссертацияны / жобаны орындау;

– магистранттың ғылыми/бейіндік тағылымдамадан өту;

– магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі нәтижелерін жариялауы.

3. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы МҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;

3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет

4. Бейінді магистратурадағы МЭЗЖ қойылатын талаптар:



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
КОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖК.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 беттің 4-беті

- 1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
- 2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;
- 3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;
- 4) негізгі қорғалатын мақалалар бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.
5. Ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың ғылыми ұйымдарда инновациялық технологиялармен танысу үшін ғылыми тағылымдама өтуі қарастырылған. Бейінді магистратурада магистранттың сәйкес саласында немесе қызмет саласында жаңа өндіріс түрлерімен танысу үшін кәсіби тағылымдама өту қарастырылған .
6. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

Университет магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

7. МҒЭЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарлануы мүмкін.

Ғылыми-педагогикалық магистратурдағы МҒЭЖ жалпы еңбек сыйымдылығы – 24 кредит (720 сағат); оқу мерзімі 1 жылдан кем емес бейінді магистратурадағы МЭЗЖ -13 кредит (390 сағат); оқу мерзімі 1,5 жылдан кем емес бейінді магистратурада -18 кредит (540 сағат).

Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

8. Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылым кандидаттары мен докторларының немесе PhD докторларының немесе тиісті салада кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандардың қатарынан ғылыми жетекші тағайындалады.

Магистранттың ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы ғылымға өзекті, берілген бағыттағы ғылым мен техниканың қазіргі жағдайына сәйкес келуі және сәйкес кафедраның ғылыми-жұмыстары жоспарымен байланысты болуы керек.

Магистрлік диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекші университеттің Ғылыми кеңесі шешімімен бекітіледі. Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми кеңес берушілер тағайындалуы мүмкін.

9. Магистрлік диссертация/жоба жетекшісі:

- 1) Магистрлік диссертацияны/жобаны орындауға тапсырма береді;
- 2) Магистрлік диссертация/жобаны орындаудың барлық кезеңіне күнтізбелік кесте құруға магистрантқа көмектеседі;
- 3) Магистрантқа қажетті негізгі әдебиетті, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және басқа тақырып бойынша мәліметтерді қолдануға кеңес береді;
- 4) Магистранттың магистрлік диссертация/жобаның орындалуын күнтізбелік кесте бойынша қадағалау үшін кеңес беру кестесін орнатады;
- 5) Магистрлік диссертация/жобаның барлық бөлімдерінің көлемін орнатып магистранттың жұмысын қадағалайды.

10. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

3 Магистрлік диссертацияның /жобаның құрылымы

1. Магистрлік диссертация/жобаның құрылымдық элементтері болып табылады:

- 1) титул беті (бастапқы бет);
- 2) мазмұны;
- 3) нормативті сілтемелер;
- 4) анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар;
- 5) кіріспе;



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет .:12 беттің 5-беті

- 6) негізгі бөлім;
- 7) қорытынды немесе тұжырымдамалар;
- 8) қолданылған әдебиеттер тізімі;
- 9) қосымшалар;

2. Титул бет магистрлік диссертацияның/жобаның бірінші беті болып саналады және құжатты іздеу мен өңдеуге қажетті ақпараттың көзі ретінде қызмет етеді. Титул бетін диссертацияның жалпы нөмірлеу бетіне қосады. Титул бетіне бет номерін қоймайды. Титул беті 1-Қосымша сәйкес рәсімделеді.

3. Магистрлік диссертация/жоба мазмұны кіріспе, барлық тараулардың, тараушалардың, пункттерінің (егер олардың атаулары болса) атаулары мен реттік нөмірлерін, қорытынды немесе тұжырымдамалар, қолданылған әдебиеттер тізімі мен диссертацияның бұл элементтері басталатын беттердің нөмірлері нұсқалған қосымшалардың атауын қамтиды. Диссертацияны/жобаны рәсімдеу кезінде белгілінген пункттері «Кіріспе» бөлімінде құрылымдық түрде көрсетілу тиіс.

4. «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементіне диссертация/жоба мәтнінде сілтеме жасалған стандарттар тізімі кіреді. Сілтемелік стандарттар тізімі мынадай сөздермен басталады: "Осы магистрлік диссертацияда/жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған...". Тізімге стандарттардың көрсеткіші және көрсеткіштерінің тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібінде олардың атаулары енеді.

5. «Анықтамалар» құрылымдық элементіне магистрлік диссертацияда /жобада қолданылған түсіндіруді немесе нұсқама беруді қажет ететін терминдердің анықтамалары кіреді. Анықтамалар тізімі мынадай сөздермен басталады: "Осы магистрлік диссертацияда/жобада келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылды...".

6. «Белгілеулер мен қысқартулар» құрылымдық элементіне магистрлік диссертацияда/жобада қолданылған белгілеулер мен қысқартулар тізімі жатады. Көрсеткіштер мен қысқартулардың жазбалары қажетті түсініктемелермен және мағынасын ашумен олардың диссертация мәтнінде келтірілу тәртібінде келтіріледі. Анықтамаларды, белгілеулер мен қысқартуларды «Анықтамалар, көрсеткіштер мен белгілеулер» атты бір құрылымдық элементте көрсетуге рұқсат беріледі.

7. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, осы жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу бағдарламалармен байланысы көрсетілуі қажет, сонымен қоса зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, олардың жалпы ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудағы орны, келтірілуі тиіс.

8. Диссертацияның/жобаның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер баяндалады.

9. Негізгі бөлімде төмендегі мәліметтер болуы тиіс:

- зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, міндеттерді шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты жүргізудің таңдалған жалпы әдістемесінің сипаттамасы;
- теориялық зерттеудің сипатын және мазмұнын анықтауды, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, тәжірибелік жұмыстарды жүргізу қажеттілігіне негіздемені, әзірленген нысандардың әрекет ету қағидаларын, олардың сипаттамаларын қоса алғандағы теориялық және (немесе) тәжірибелік зерттеулер үрдісі;
- жұмыстың кейінгі бағыттары бойынша қойылған міндеттер мен ұсыныстарды толығымен шешуді бағалауды, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалауды және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың баламалы нәтижелерімен салыстыруды қоса алғандағы зерттеу нәтижелерін жинақтау және бағалау;
- әр тарау, бөлім бойынша қысқаша қортындылар.

10. Қорытындыда мынадай мәселелер болуы тиіс:

- зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- қойылған міндеттердің толығымен шешілуін бағалау;
- нәтижелерді нақты қолдану бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтердің әзірлемелері;
- берілген саладағы үздік жетістіктермен салыстырып техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау;



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.КЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет .:12 беттің 6-беті

11. Пайдаланылған әдебиет тізімінде магистрлік диссертацияны/жобаны жазу кезінде пайдаланылған әдебиет көздері туралы мәліметтер болуы қажет.
12. Қосымшаларға қандай да бір себептер бойынша негізгі бөлімге енгізіле алмайтын орындалған магистрлік диссертацияға/жобаға байланысты материалдарды енгізу ұсынылады.

4 Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу ережелері

4.1 Жалпы қойылатын талаптар

1. Магистрлік диссертация/жоба мәтінін мазмұндау берілген Ережеге сәйкес орындалуы қажет. Магистрлік диссертация/жоба беттері және оған қосылған көркемдеулер мен кестелер А4 форматына сәйкес болуы қажет.

2. Магистрлік диссертация/жоба А4 формат ақ қағазының бет бір жағында бір аралық арқылы ДЭЕМ негізді баспа және графикалық құрылғыларды қолданумен орындалған болуы тиіс. Қаріп - 14кегель. Магистрлік диссертация/жоба мәтінін келесі өріс мөлшерлерін сақтай отырып шығару керек: он -10 мм, жоғарғы -20 мм, сол -30 мм, төменгі -20 мм.

3. Магистрлік диссертация көлемі 80-100 беттен кем емес, магистрлік жоба көлемі 60-70 бет болуы тиіс.

4. Белгілі бір терминдер, формулалар, теоремаларға назар аударту үшін әр түрлі гарнитуралардағы әріптерді компьютерлік мүмкіншіліктерді қолдануға болады.

5. Диссертацияның орындалу тәсіліне қарамастан басып шығарылған мәтіннің сапасы мен көркемдеулердің, кестелердің рәсімделуі, ДЭЕМнан шығарулар оларды нақты көрсетудің талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

6. Диссертация/жобаны орындау кезінде біркелкі тығыздық, қарама-қарсылық және бейнелеу анықтығы толық диссертация/жоба бойынша сақтау қажет. Магистрлік диссертацияда/жобада сызықтар, әріптер, цифрлар және белгілер бұлдырылбаған, айқын болуы тиіс.

7. Магистрлік диссертацияны/жобаны дайындау барысында табылған жаңылыс жазулар, қате және графикалық анықсыздар ақ бояумен және түзелген мәтін (график) орынында томға түсірумен тазартумен немесе бояумен машинкаға басылған тәсілмен немесе қара сиялармен, пастамен немесе қара тушьпен - қолжазба тәсілмен түзетуге рұқсат етіледі.

8. Мәтіндік беттердің бүлінуіне, түзетілген жерлер және толық кетпеген бұрынғы мәтін (график) іздеріне рұқсат етілмейді.

9. Фамилия, ұйым атауы, бұйымдардың атауы және басқа да жалқы атаулар диссертацияда/жобада түпнұсқа тілінде беріледі.

10. Жалқы атауларды транслитерациясына және диссертация тіліне аудармада ұйымдардың атауларын (алғашқы аталуда) түпнұсқа атауын қосуға рұқсат етіледі.

4.2 Магистрлік диссертацияны/жобаны құру

1. Диссертация құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Әдебиеттер тізімі» диссертацияның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болады.

2. Құрылымдық элементтер тақырыптарын бас әріппен жол ортасынан жазады, соңынан нүкте қойылмайды.

3. Тарау, тараушалардың және пункттерді тақырыптарын бас әріппен абзацтан бос жерден бастап (әдетте 4-әріппен басталады немесе 1 см-ге теңеледі), соңында нүктесіз, астын сызбай жазады. Егер тақырып екі сөйлемнен түзелсе, онда алар нүктемен бөлінеді. Тақырыптардағы сөздерді тасымалдауға болмайды.

4. Магистрлік диссертация/жобаны ЭЕМ қондырғылары көмегімен теру кезінде тарауша тақырыбын «қалың» қаріппен бөлінуі тиіс.

5. Мәтін және құрылымдық элементтер тақырыбының арасындағы қашықтықта «бос жол» болуы тиіс(0,7мм).



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет :12 бетің 7-беті

4.3 Магистрлік диссертация/жоба беттерін нөмірлеу

1. Жұмыстың барлық шегінде диссертация/жоба беттерін араб цифрлармен көрсетілген реттік нөмірлер болуы тиіс. Беттің нөмірі беттің төменгі бөлігінде ортасында нүктесіз қойылады.

2. Титул беті беттердің ортақ нөмірленуіне қосылады. Титул бетінде беттің номері қойылмайды.

3. Бөлек бетте орналасқан көркемделулер мен кестелер ортақ диссертацияны нөмірлеуіне қосылады.

4. А3 форматындағы көркемделулер, кестелер бір бет ретінде саналады.

4.4 Магистрлік диссертация/жобаның тарауын, тараушаларын, пунктiлерiн, подпунктiлердi нөмірлеу.

1. Магистрлік диссертация/жоба тарауларында араб цифрлармен көрсетiлген нүктесiз және абзац бос жерден жазылған реттiк нөмірлер болуы тиiс. Тараушалар әр тарау көлемiнде нөмірленуi тиiс. Тарауша нөмірi тарау және тараушаның нүктемен бөлiнген нөмірлерiнен түзеледi. Тарауша нөмірiнiң соңына нүкте қойылмайды. Тараулар тараушалар сияқты бiр немесе бiрнеше пунктiлерден түзiле алады.

2. Егер диссертацияда тараушалар болмаса, онда пунктiлердiң нөмірленуi әрбiр тарау шегiнде болуы тиiс және пункт нөмірi нүктемен бөлiнген тарау және пунктiнiң нөмірлерiнен түзiлуi тиiс. Пункт нөмірi соңында нүкте қойылмайды. Егер диссертацияда тараушалар болса, онда пунктiлердiң нөмірленуi тарауша шегiнде болуы тиiс және пункт нөмірi нүктелермен бөлiнген тарау, тарауша және пункт нөмірлерiнен түзелуi тиiс

3. Егер мәтiн тек қана пунктiлерге бөлiнсе, онда олар диссертациялық жұмыстың барлық шегiнде реттiк нөмірлермен нөмірленедi.

4. Пунктiлер қажет болғанда әрбiр пунктi шегiнде реттiк нөмірлеудi болу тиiс подпунктiлерге бөлiне алады, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

5. Диссертация әрбiр құрылымдық элементi жаңа беттен басталады

6. Диссертация беттерi мен магистрлiк диссертация/жоба құрамына кiретiн қосымшаларын нөмірлеу тура болуы тиiс.

4.5 Көркемдеулер

1. Көркемдеулер (сызбалар, графиктер, карталар, сұлбалар, компьютерлiк ашулар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертацияда олар алғаш аталған мәтiннен кейiн немесе келесi бетте орналастырылуы керек. Көркемдеулер компьютерлiк орындауда соның iшiнде түрлi түстi бола алады. Барлық көркемдеулерге диссертацияда сiлтемелер берiлуi тиiс.

2. Көркемделулер «Сурет» сөзiмен белгiленедi. Егер сурет бiреу болса, ол «1-Сурет» деп белгiленедi, «Сурет» сөзi және оның атауы жол ортасына орналастырады. Көркемдеулер араб цифрларымен магистрлiк диссертация шегiнде тура нөмірленедi. Барлық көркемдеулерге диссертацияда сiлтемелер берiлуi тиiс. Көркемдеулерге сiлтемелер жасағанда келесi түрде жазу керек: «...2-суретке сәйкес».

4.6 Кестелер

1. Сандық материал, әдетте, кесте түрiнде рәсiмделедi. Кестенi рәсiмдеу үлгiсi 1-суретте көрсетiлген.

2. Кесте өзi алғаш ескертiлген мәтiннен кейiн немесе келесi бетте орналастырылуы тиiс.

3. Кестенi баған тақырыбынан кейiн тасымалданған жағдайда келесi бетке кестенiң атау бөлiк графаларының нөмірлерi қойылуы тиiс. Кестенiң жалғас бөлiгiне баған бөлiк атаулары көшiрiлмейдi, бiрақ баған бөлiктерiнiң нөмірлерi қойылады.

4. Диссертацияда барлық кестелерге сiлтеме жасалуы тиiс. Сiлтемеде «Кесте» сөзi жазылып, нөмірi көрсетiлуi керек.



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.КЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 беттің 8-беті

5. Көп жолдан тұратын кестені келесі паракка (бетке) көшіруге болады. Кесте бөліктерін келесі бетке көшіруде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі бір рет кестенің бірінші бөлігінің үстінгі оң жағына қойылады, келесі бөліктерінің үстіне «Жалғасы» деп жазылып, кесте нөмірі қойылады, мысалы: «I кестенің жалғасы». Кестені келесі бетке көшіру кезінде кесте атауы оның тек бірінші бөлігінде ғана жазылады.

_____ - кесте
нөмірі атауы

1-сурет – Кестені рәсімдеу үлгісі

6. Қосымшадағы кестелерден басқа кестелерді реті бойынша араб санымен нөмірлеу керек.
7. Графа атаулары мен кесте жолдарын бас әріппен жекеше түрде, ал графа атаушаларын кішкене әріппен жазу керек. Кесте тақырып атауларынан кейін нүкте қойылмайды.
8. Кесте оң, сол жақтарынан және астынан сызықпен шектеледі. Кестеде мәтінге қарағанда кіші өлшемді қаріпті қолдануға рұқсат етіледі.

4.7 Формулалар мен теңдіктер

1. Формулалар мен теңдіктер жеке жол ретінде ажыратылуы тиіс. Формула немесе теңдіктің асты мен үстінен кем дегенде бір бос жол қалдырылуы керек. Егер теңдік бір жолға сыймаса, онда ол математикалық белгілерден: теңдік (=), плюс (+), минус (-), көбейту (x), бөлу (:), кейін, келесі жолдың басында сол белгі қайта қойыла отырып, тасымалданады. Көбейту амалы бар формуланы тасымалдауда көбейту белгісі "x" қойылады.

2. Диссертация жұмысы бойына формулаларды араб санымен жолдың соңында жақша ішінде реттік нөмірмен белгілеп көрсетуі қажет.

Мысалы: $A=a:b$; (1) $B=c:e$. (2)

4.8 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Диссертация жазу барысында магистрант пайдаланған материалының дереккөздеріне, авторына немесе жекелеген нәтижелерге сілтеме жасауы керек.
2. Пайдаланылған әдебиеттер диссертация мәтнінде қолданылу ретіне қарай, азат жолсыз, араб санымен белгіленуі керек.
3. Пайдаланылған әдебиетке сілтеме тік жақшада [5,7] көрсетілуі керек. Бір әдебиетке бірнеше рет сілтеме жасау кезінде тік жақшаның ішінде оның реттік нөмірінен басқа сәйкесінше бет саны көрсетіледі. БАҚ-тан алынған ақпарат қолданылған жағдайда тек оның реттік нөмірі ғана көрсетіледі.
4. Стандартқа және техникалық жағдайларға сілтеме жасалғанда олардың белгіленілуі көрсетіледі, стандарттың толық сипаттамасы әдебиеттер тізімінде берілген кезде олардың бекітілген жылдары көрсетілмейді.

4.9 Қосымша

1. Қосымша магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде оның кейінгі бетте рәсімделеді.
2. Диссертация мәтнінде барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы тиіс. Қосымша диссертация мәтнінде қолданылу ретіне қарай орналасады.
3. Әрбір қосымша жаңа беттен «ҚОСЫМША» деген сөзбен үстінгі оң жағында белгіленеді.
4. Қосымшаның мәтінге қатысты бірдей жеке жолдан бас әріппен басталып жазылатын тақырыбы болуы тиіс.
5. Қосымша орыс алфавитінің А әрпінен басталып (Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ы, Ъ әріптерінен басқа) белгіленеді. «ҚОСЫМША» сөзі алдында ретін білдіретін әріптер белгіленеді (А қосымшасы).
6. Қосымша құжаттың жалпы барлық бөлімдерімен бірдей нөмірленеді.



**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СЖҚ.08.КЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 беттің 9-беті

5. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға ұсыну

1. Белгіленген талаптарға сай рәсімделген магистрлік диссертация/жоба ғылыми жетекшінің «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмеді» деген тұжырымы берілген пікірмен қоса бітіретін БҚИТУ кафедрасына қорғау алдындағы сынақтан өту үшін тапсырылады.
2. Магистрлік диссертацияға/жобаға өзге ұйымнан академиялық ғылым докторы, ғылым кандидаты немесе мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесі немесе сәйкес ғылымдар магистрі дәрежесі бар арнайы сарапшы (рецензент) бекітіледі.
3. Магистрлік диссертация/жоба бойынша жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және қорғалатын диссертация бойынша жарияланған негізгі мақалалары көрсетілген ресми сарапшы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде БҚИТУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.
4. Ресми сарапшы магистрлік диссертацияны/жобаны оқып дәйекті қорытындылармен пікір береді, «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деп бағалайды және аталған мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесі берілу немесе берілмеу мүмкіндігін көрсетеді.
5. Ресми сарапшының пікірі компьютерде басылып, рәсімделіп, дайындалған күні көрсетіліп, қолы қойылуы тиіс. Сарапшының қолы кадр бөлімімен (сарапшының жұмыс орнындағы) және мөрмен куәландырылуы керек.

6. Магистранттардың қорытынды аттестациясы

1. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерді бағалау болып табылады.
2. Қорытынды аттестация 12 академиялық кредитін құрайды(360 часов) және магистрлік диссертацияны/жобаны жазу және қоғау түрінде өткізіледі.
3. Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі менгерілген құзыреттерді көрсетеді.
Дескрипторлар білім алушының:
 - 1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;
 - 2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;
 - 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;
 - 4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиынақты түрде хабарлау;
 - 5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.
4. Магистранттардың қорытынды аттестациясын өткізу үшін білім беру бағдарламасы немесе дайындау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады.
5. Аттестаттау комиссия құзыретіне:
 - 1) белгіленген білім беру бағдарламасы бойынша шығарушы кадрлардың сәйкес теориялық және практикалық дайындық дәрежесін тексеру;
 - 2) сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша бітірушіге магистр дәрежесін бері;
 - 3) кадрларды әрі қарай дайындауда сапаны жақсартуға бағытталған ұсыныстарды өңдеу.



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 бетін 10-
беті

7. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау үрдісі

1. Диссертацияны/жобаны БҚИТУ-де мамандық бойынша бекітілген аттестатта комиссиясында қорғалады.
2. Магистрлік диссертация/жобаны қорғау бойынша АҚ мәжілісі оның төрағасының басшылығымен өткізіледі.
3. АҚ эксперттік кеңестің қорытындысы негізінде магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға төмендегідей құжаттар бар болған жағдайда қабылдайды:
 - ғылыми жетекші пікірі;
 - ресми сарапшының магистрлік диссертацияға берген пікірі.
4. АҚ-ға сондай-ақ орындалған магистрлік диссертацияның/жобаның ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, магистрлік диссертация бойынша практикалық жұмыстарды жүргізіп отырған ұйымдардан берілген жазбаша қорытындылар, биресми пікірлер, ғылыми зерттеудің нәтижелерін енгізу туралы актілер не анықтамалар, т.б
5. Магистрлік диссертацияны қорғау АҚ-тың ашық мәжілісінде оның мүшелерінің 2/3 кем емес қатысқанда өткізіледі.
6. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау бойынша АҚ мәжілісіне ғылыми жетекші мен ресми сарапшының қатынасуы міндетті.
7. Магистрант 30 минутартық емес көлемінде зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, маңызды мәселелерді қысқа да нақты баяндайды, дәйекті қорытындылар мен ұсыныстар жасайды.
8. Магистрлік диссертацияны бағалауда мынадай мәселелер ескеріледі:
 - Бітіруші жұмысының магистратура білім беру бағдарламасы бейініне сәйкес келуі;
 - Өзіндік зерттеулер;
 - әдебиеттерге толық шолу жасалуы және пайдаланылған дерек көздерінің қазіргі заманға сай болуы;
 - ғылым, техника және өндіріс заманауи жетістіктерін ескеру;
 - өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңызы (диссертация);
 - ғылыми зерттеулер заманауи әдістерін қолдануы (диссертация);
 - сәйкес білім саласындағы алдыңғы халықаралық тәжірибені қолдану (диссертация);
 - нақты практикалық нұсқаулар, басқару міндеттерінің өзіндік шешімдерінің болуы (магистрлік жоба);
 - жетекші ақпараттық технологияларды қолдану (магистрлік жоба);
 - материалдың баяндалуының сауаттылығы мен дәлдігі;
 - рәсімдеу талаптарына сай келетіндігі;
 - диссертация/жобаны қорғаудағы баяндама сапасы (дәлдігі, сауаттылығы, кәсіби терминдерді қолдана білуі, көрнекі құралдарының сапалылығы т.с.с);
 - қорғау кезінде қойылған сұрақтар мен сарапшының ескертулеріне дұрыс және толық жауап беруі;
 - магистранттың осы жұмыс бойынша жарияланған мақалаларының саны мен ғылыми конференциялардағы баяндамалары;
9. Әр магистрантқа АҚ отырысының хаттамасы жүргізіліп, белгіленген тәртіп бойынша хатшы тарапынан толтырылады.
10. АҚ отырысы хаттамасының барлық бланкілері нөмірленіп, тігілуі және мөрмен бекітілуі тиіс.
11. Хаттамаларға аттестаттау комиссиясының отырысқа қатысқан мүшелері және төрағасының қолы қойылады.
12. Диссертация жұмысының қорғау нәтижесі қорғау болған күні жария етіледі.
13. Магистрлік диссертация /жобаны жақсы бағаны көтеру мақсатында қайта қорғауға рұқсат етілмейді.
14. «Қанағаттанарлықсыз» деген бағаға магистрлік диссертацияны/жобаны қорғаған



**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СЖҚ_08.КЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет :12 беттің 11-
беті

тұлғаларға қорытынды аттестацияның берілген кезеңіде қайта қорғау рұқсат етілмейді .
15. Қорытынды аттестация кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған магистрант «білім беру бағдарламасын орындамағаны үшін» және «магистрлік диссертацияны/жобаны қорғаманы үшін» деген ректор бұйрықтары бойынша университеттен шығарылады.

16. Қорытынды аттестациядан өткен және білім беру бағдарламасын маңгергенін растаған магистрантқа аттестациялық комиссияның шешімі бойыншасәйкес білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен (транскрипт) бұйрық шыққаннан кейін бес күн ішінде тегін беріледі.

Диплом қосымшасында(транскрипт) балды-рейтингтік әріп жүйесі бойынша барлық оқу пәндері бойынша, тапсырылған курстық жұмыс жоба бойынша, ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстары бойынша, кәсіби тәжірибе түрлері бойынша, академиялық кредит және сағат көлемінде көрсетілген қорытынды аттестация бағасы көрсетіледі.

17. Университет бітірушіге дипломның жалпыеуропалық қосымшасын (Diploma Supplement) береді.



МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет.:12 бетің 12-
беті

I-росымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОК

Қолжазба құқығында

Магистранттың аты-жөні

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ АТАУЫ

ШИФРІ мен АТАУЫ білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымының
магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация/жоба



**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА
ЖӘНЕ МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
ҚОРТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СЖҚ.08.ҚЕ.44
Өзгертулер: 00
Бет .:13беттің
13беті